

Көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 665 Бұйрығы.
Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 8 қарашада № 7292 тіркелді

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету ережесі бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментіне (А.Ғ.Төлеғалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.
3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне (Қ.Б.Бесбалаев) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Е.Ә.Байжүнісовке жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Қайырбекова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2011 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 665 бұйрығымен
бекітілген

Көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасына көшіп келушілерге медициналық көмек көрсету тәртібін белгілейді.
2. Көшіп келуші - Қазақстан Республикасына уақытша немесе үнемі тұруға келген шет елдік немесе азаматтығы жоқ тұлға.
3. Осы Ереже Республикаға келген көшіп келушілерге қолданылады:
 - 1) тарихи отанына оралу мақсатында;
 - 2) отбасыларының қосылуы мақсатында;
 - 3) білім алу мақсатында;
 - 4) еңбек қызметін жүзеге асыру мақсатында;
 - 5) гуманитарлық және саяси себеппен.
4. Тарихи отанына оралу мақсатында Қазақстан Республикасына келген көшіп келушілер (оралмандар, этникалық қазақтар және олардың отбасылары) Қазақстан Республикасының азаматтарымен қатар, «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы № 2136 қауылысымен (бұдан әрі - ТМҚКК) бекітілген тізбеге сәйкес тегін медициналық көмек ала алады.
5. Осы Ереженің 3-тармағының 2), 4) тармақшаларында көрсетілген мақсаттармен Қазақстан

Республикасына көшіп келушілердің «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28 , 31 және 35-баптарына сәйкес міндетті медициналық сақтандыруы болуы қажет.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 30 қыркүйектегі № 664 бұйрығымен бекітілген шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға олардың Қазақстан Республикасына келуіне тыйым салатын аурулардың тізбесінде көрсетілген аурулары бар көшіп келушілерге Қазақстан Республикасының аумағына келуге рұқсат етілмейді (мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілер тізбесінде № 7274 тіркелген).

7. Қазақстан Республикасының аумағындағы орналасқан көшіп келушілер, егер Қазақстан Республикасымен ратифицияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе айналасына қауіп төндіретін жіті аурулар бар ТМККК шеңберінде тегін медициналық көмек алады.

8. Көшіп келушілерге көрсетілетін медициналық көмек, сондай-ақ кеуде қуысын флюорографиялық қарауды, қанды зерттеуді, екпелерді және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау органдары мен ұйымдары айқындайтын айғақтары бойынша емдеуді жүргізумен профилактикалық медициналық тексеріп-қарауды қамтиды.

2. Көшіп келушілерге медициналық көмектің тәртібі

9. Көшіп келушілерге тегін негізінде медициналық қызмет көрсету ТМККК шеңберінде және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қарашадағы № 1887 қаулысымен бекітілген азаматтардың кепілдік берілген тегін медициналық көмектің көлемін алуын қамтамасыз ету ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

10. ТМККК шеңберінде көшіп келушілерге егер Қазақстан Республикасымен ратифицияланған халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылдың 4 желтоқсандағы № 2018 қаулысымен бекітілген аурулар тізбесіне сәйкес айналасына қауіп төндіретін жіті аурулар болған жағдайда тегін медициналық көмек көрсетіледі. Қалған жағдайларда медициналық көмек ақылы негізде көрсетіледі.

11. ТМККК тізбесіне кірмейтін медициналық қызметтер ақылы негізде, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыру шеңберінде немесе жұмыс берушінің қаражаты есебінен көрсетіледі. Медициналық сақтандыру бойынша медициналық көмек медициналық сақтандыруда айтылған көлемде және баға бойынша көрсетіледі.

12. Қазақстан Республикасына келген көшіп келушілер, ТМККК тізіміне кірмейтін қызметтерді алу кезінде тиісті медициналық сақтандыруы болған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтары сияқты тиісті медициналық ұйымдар анықталған көлем бағамен бойынша меншік нысанына қарамастан медициналық ұйымдарда ақылы медициналық көмекті пайдаланады.

13. ТМККК шеңберінде медициналық көмек алу үшін көшіп келушілер тұрғылықты мекенжайы, жұмыс орыны бойынша немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қарашадағы № 1263 қаулысымен бекітілген «Бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсету қағидаларын және Азаматтарды бастапқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарына бекіту қағидаларын бекіту туралы» еркін таңдау құқығы бойынша бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарына бекітуі сәйкес. Азаматтарды БМСК ұйымдарына бекіту туралы ақпарат көші-қон қызметі ғимаратының қолжетімді жерлеріне ілінеді. Медициналық көмек көрсету осы Ереженің 4, 5-тармақтарына сәйкес көрсетіледі.

14. Осы Ереженің 3-тармағының 1), 5) тармақшаларында көрсетілген мақсаттармен Қазақстан Республикасына келген көшіп келушілер тегін негізде міндетті тәртіппен кеуде қуысын флюорографиялық зерттеп қарауды қосатын медициналық тексеруден және АИТВ инфекциясына қанды зерттеуді қамтитын.

15. Осы Ереженің 3-тармағының 2), 4) тармақшаларында көрсетілген мақсаттармен және көшіп келушілердің тұрған елі берген АИТВ инфекциясына және туберкулезге тексерілу нәтижелерімен медициналық анықтамасы жоқ Қазақстан Республикасына келген көшіп келушілер кеуде қуысын флюорографиялық зерттеп қарауды және АИТВ инфекциясына қанды зерттеуі қамтитын медициналық тексеріп-қарауды ақылы түрде өтеді.

16. Медициналық зерттеп-қарау кезінде туберкулез патологиясының, АИТВ инфекциясының болуын, сондай-ақ айналасына қауіп төндіретін аурулар анықтаған денсаулық сақтау ұйымдары № 2018

қаулымен бекітілген тізбеге сәйкес:

- 1) көшіп келушінің алынған нәтижесі туралы жазбаша мәлімдейді;
- 2) 1 жұмыс күнінің ішінде Көші-қон қызметіне көшіп келушілердің деректері туралы ақпаратты хат түрінде хабарлайды;
- 3) жоғарыда көрсетілген аурулары анықталған көшіп келушілерді алдын ала сақтандыру туралы ақпараттандырады және емделуден жалтарған басқа тұлғаға жұқтырған үшін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 115-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі туралы ескертеді.

17. Көшіп келушілерден № 2018 қаулыға сәйкес көзделген осы ереженің 16 тармағында көрсетілген аурудың белгілері анықталған жағдайда медициналық ұйым, Қазақстан Республикасы халқының арасындағы инфекциялық және паразиттік ауру жағдайларын тіркеу, есепке алу ережесінің 2-тармағына сәйкес тездетіп санитариялық-эпидемиологиялық қызметіне Мемлекеттік нормативтік-құқықтық актілер тізбесінде № 5908 тіркелген Жұқпалы және паразитарлық аурулардың тіркеу ережелері, есеп жүргізілуі сонымен қатар есеп беру ережелерінің 2-тармағына сәйкес «Жұқпалы және паразитарлық аурулар мен уланулардың тіркеудің сұрақтары жөніндегі» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 12 қарашадағы № 706 бұйрығымен бекітілген.

18. Қалалық емес азаматтарын тұрғылықты мекенжай бойынша тіркеу қолданыстағы заңнамаға сәйкес әрі қарай қаланың денсаулық сақтау ұйымдарынан тегін медициналық көмек алу үшін БМСК ұйымдарына тіркелегендігі жөнінде талонды көрсеткеннен кейін көші қон қызметімен жүзеге асырылады. Медициналық көмек осы ереженің 4 және 5-тармақтарына сәйкес көрсетіледі.

19. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтары үшін, жедел және шұғыл медициналық көмек 1997 жылғы 27 наурызда қол қойылған Қазақстан Республикасы ратифициялаған Тәуелсіз Достастығына қатысушы мемлекеттердің азаматтарына медициналық көмек көрсету Келісімге сәйкес негізде тегін көрсетіледі.

20. Көшіп келушінің өміріне немесе айналасының денсаулығына төнген қауіп жойылғаннан кейін, көшіп келушілерге жоспарлы медициналық көмек көрсету, жіберген тараптың азаматтың жеке қаражатының сақтандыру компаниясының есебінен, сондай-ақ қайырымдылық төлемдер және кәсіпорындардың, ұйымдар қайырымдылығының есебінен, ақылы негізде жүзеге асырылады.

21. Егер көшіп келушінің өміріне төнген қауіп жойылған жағдайда, ал көшіп келуші жоспарлы медициналық көмек қызметтерін төлеуге қабілетсіз болса, онда көшіп келуші көші қон қызметінің көмегімен өзі тұратын елге емді жалғастыру үшін жіберіледі.